



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 13 қыркүйек

### **Туристі міндетті сақтандырудың құны туроператор үшін елге және сапардың ұзақтығына қатысты болады**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және сақтандыру қызметі, бағалы қағаздар нарығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының № 166-VI Заңымен туроператордың және турагенттің жауапкершілігін міндетті сақтандырудан шетелге шығатын туристің өзін сақтандыруға көшуге қатысты заңнамалық түзетулер енгізілді.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап шығу туризмі саласындағы туроператор туристік жолдаманы өткізу кезінде туриске турагент арқылы сақтандыру сертификатын беруге міндетті. Осы сертификатта сақтандырушының тәулік бойы режимінде шетелдегі медициналық қызметтерге қолжетімділік бойынша көмек көрсетуді ұйымдастыратын халықаралық ассистанс компаниялардың байланыс деректері көрсетіледі.

Турист саяхаттың бүкіл уақыты бойы өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуіне байланысты әлеуметтік маңызды тәуекелдерден сақтандыру арқылы қорғаумен қамтамасыз етіледі: жазатайым жағдай және кенеттен оқыс ауырған, денсаулық жағдайы күрт нашарлаған, созылмалы ауруы асқынған жағдайда жедел, шұғыл көмек көрсету.

Шетелде сақтандыру жағдайы басталған кезде турист медициналық қызмет көрсету, медициналық көшіру/репатриациялау үшін ақы төлеу бойынша шығыстарды және басқа шығыстарды көтермейді. Бұл шығыстарды сақтандырушы туриске көмек көрсетуді ұйымдастыратын халықаралық ассистанс компания арқылы өтейді.

Туристің міндеті сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының халықаралық ассистанс компаниясына сақтандыру сертификатында көрсетілген қолжетімді байланыс түрлері арқылы дереу өтіну болып табылады.

Туристі міндетті сақтандыру құны туроператор үшін елге және сапар күндерінің санына байланысты айқындалады, сақтандырушының жауапкершілік лимиті де сақтандыру бағдарламасына байланысты анықталады және 4 - 19 млн. теңге аралығында болады. Сақтандыру сыйлықақысы мен сақтандыру төлемінің мөлшерлері заңнамалық актінің деңгейінде белгіленген.

Сақтандырудың аталған талаптары кіру кезінде сақтандыру қажет болатын елдердің талаптарына сәйкес келеді. Бұл туриске қосымша сақтандыру шартын жасау қажет емес екенін білдіреді.

Туристі міндетті сақтандыру ұйымдастырылған туризмге ғана қолданылады. Өз бетімен сапарларға шығуды жоспарлайтын туристерге сапар барысында күтпеген қаржылай шығындарды болдырмау үшін шет елге шығатын тұлғалар үшін сақтандыру шартын жасау қажеттілігі жөнінде ерекше ұсыным жасалады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)